

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Юрисдикциядан иммунитет. 1-бөлім





Юрисдикция тұжырымдамасы мемлекеттік егемендік, теңдік және ішкі істерге араласпау қағидаттары аясында дамиды. Ал мемлекеттің өзіне немесе оның дипломатиялық өкілдеріне қатысты юрисдикциядан иммунитет мемлекеттердің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін құрметтеу туралы талаптарға негізделеді.

## Егемен иммунитеті

Мемлекеттердің егемендігі қағидатына қатысты сол мемлекеттің келісімінсіз ешбір басқа мемлекеттің ұлттық соттары өз юрисдикциясын жүзеге асыра алмайды.

М. Шоу ортақ (жалпы) құқық жүйесінің өкілі ретінде ұзақ жылдар бойы халықаралық құқықта мемлекеттің егемендік иммунитеті ұлттық прецеденттер мен ұлттық құқық нормаларына негізделіп келгенін айтады. Дегенмен 1972 жылы қабылданған Мемлекеттік иммунитет туралы Еуропа конвенциясын бұл саладағы халықаралық құжат ретінде атауға болады. Тек 2004 жылы ғана БҰҰ мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеті және меншігі туралы конвенция қабылдады.

Территориялық юрисдикция мен егемен иммунитет арасындағы қарым-қатынастың классикалық мысалы – АҚШ Жоғарғы соты қараған *Schooner Exchange v. McFaddon* (Шунер Иксчейндж бен МакФаддон арасындағы) іс. Бұл істе мемлекеттің өз территориясындағы юрисдикциясы айрықша және абсолютті, бірақ ол шетел басқа шетелдік мемлекеттерді қамтымайтыны айтылды. Ал Голландияның Лампен Вульфке қарсы (*Holland v. Lampen-Wolfe*) ісінде Лорд Миллет «мемлекет иммунитеті мемлекеттердің теңдігі мен халықаралық әдет-ғұрыптан туындайды» деп мәлімдеді.

Егемен иммунитет екі доктринамен тығыз байланысты: біріншісі – соттылыққа жатпау, екіншісі – мемлекеттің іс-әрекеті.

Соттылықта жатпау және мемлекет іс-әрекеті ұғымдары мемлекеттің халықаралық аренадағы қызмет аясына кіреді. Юрисдикция иммунитетінің қағидасына сүйенсек, өзінің юрисдикциясы болса да, сот белгілі бір жағдайларда сол юрисдикциясын жүзеге асыра алмайды. Демек, юрисдикциядан иммунитет дегеніміз – қандай да бір мемлекеттің территориялық құқықтық жүйесіне тәуелсіздікті білдірмейді.

*International Association of Machinists & Aerospace Workers v. OPEC* (яғни Халықаралық машинисттер мен аэроғарыш жұмысшаларының қауымдастығы мен ОПЕК арасындағы) істе осы екі ұғымның ұқсастығы – екеуінің де шетелдің егемен билігін құрметтеуінен көрінеді деп анықталды. Алайда біріншісі соттың юрисдикциясына кіретін, халықаралық құқық қағидаттарының бірі болса, екіншісі – ұлттық (муниципалдық) құқық доктринасы әрі ішкі конституциялық құқықтан тамыр тартады. Егемендік иммунитеті мәселесі көбіне көп ұлттық соттарда қозғалғанымен, мемлекет иммунитетінің қағидаттағы әдеттегі халықаралық құқық нормасы және халықаралық құқық пен халықаралық қатынастарда аса маңызды орын алады.

## Абсолютті иммунитет

XVIII–IXX ғасырларда мемлекет пен егемендіктің рөлі артуына орай абсолютті иммунитет түсінігі қалыптасты. Егемен мемлекет кез келген жағдайда иммунитетке ие болды. Дегенмен мемлекеттің іс-әрекеттері, әсіресе коммерциялық салада, бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамуы салдарынан көптеген проблема туындағандықтан абсолютті иммунитет өзгеріске ұшырады. Нәтижесінде, көптеген мемлекеттер үкіметтің қызметіне ғана қатысты шектеулі иммунитет доктринасын ұстана бастады. Ол бойынша доктрина тек үкіметтің қызметіне қолданылады, бірақ мемлекеттің коммерциялық қызметіне қатысты қолданылмайды.

Англияның апелляциялық соты 1980 *ParlementBelge*, яғни Бельгия Парламентіне қатысты ісінде мемлекет кез келген басқа егемен мемлекеттің азаматына немесе елшісіне, тіпті мемлекеттік мақсатта пайдаланатын мүлкіне өз соттары арқылы территориялық юрисдикциясын жүргізуден бас тартады деп анық мәлімдеді.



Сонымен бірге, Апелляциялық сот *Krajina v. Tass Agency*, (ТАСС агенттігі мен Кражина арасындағы) істе аталған агенттік КСРО-ның мемлекеттік органы, сондықтан жергілікті юрисдикциядан иммунитетке ие деген шешім қабылдады. Бұл көзқарас *Baccus SRL v. Servicio Nacional del Trigo*, яғни Баккус пен Испанияның Ұлттық бидай дақылы қызметі арасындағы дауды қараған кезде қолдау тапты. Сот Испания құқығы бойынша жауапкер дербес заңды тұлға болса да, іс жүзінде Испания үкіметіне бағынышты департамент екенін айтты. Осылайша, сот жауапкер сот шағымынан иммунитетке ие деген байламға келді. Ал заңды тұлғаны құрылуы туралы мәселені сот мемлекеттің ішкі шаруасы деп санады. Бұл орайда, америкалық соттардың көзқарас-ұстанымы басқаша. Бір жағынан меншік құқығы мен екінші жағынан иелік ету құқығы арасында айырмашылық бар. Осылайша, Америка соттары бір мемлекеттің меншігіндегі кеме істің қаралуына себепкер оқиға кезінде сол мемлекеттің иелегінде немесе қолданысында болмағандықтан, басқа мемлекеттің юрисдикциясына бағынатынын білді.

### Шектеулі тәсілдеме

М. Шоудың пікірінше, таяу жылдардан бірқатар мемлекеттер егемен емес актілерге, яғни іс-әрекеттерге қатысты юрисдикция жүргізуге рұқсат беретін шектеулі көзқарасқа сүйене бастады. Австрия Жоғарғы соты 1950 жылы соттардың практикасына жан-жақты шолу барысында мемлекеттердің коммерция саласындағы белсенділігі өскен сайын абсолютті иммунитеттің классикалық доктринасы мәнін жоғалтады, сөйтіп халықаралық құқықтық нормасы бола алмайды деген ұйғарымға келді. Осы себепке байланысты, 1952 ж. АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті де «егемен иммунитеттің шектеулі теориясын қолданатынын» мәлімдеді. Ал Ұлыбританияда шектеулі иммунитет көзқарасы едәуір кейінірек қолданыла бастады.

*Philippine Admiral*, яғни Филиппин адмиралы ісінде Гонконгтағы екі бірдей кеме компаниясы Филиппин үкіметінің меншігіндегі кемеге қарсы талап-арыз берген. Ағылшын құпия кеңесі (The Privy Council) Гонконг Жоғарғы сотының шешіміне апелляциялық шешімін қарастыру барысында егемен иммунитеті бойынша бірқатар прецеденттерді тексеруге шешім қабылдады. Сот бұл істе *Porto Alexandre* ісіндегі қағидат бойынша қарауға болмайды деген қорытындыға келді. Лорд Кросс бұл істе аталған қағидатты ұстанбаудың төрт түрлі себебін айтты.

Біріншіден, апелляциялық соттың «бұл іс Бельгия парламенті ісіндегі шешіммен байланысты», – деген қорытындысы қате. Екіншіден, *Cristina* (Кристина) ісінде Лордтар палатасының мемлекет меншігіндегі сауда кемелерінің иммунитеті туралы көзқарасы екіге жарылған. Үшіншіден, бұл іс жөніндегі пікірлер абсолютті иммунитет доктринасына қайшы. Төртіншіден, бұл доктринаны қолдану «дұрыс» болмайды, себебі, Батыс елдері сауда келісімшарттарынан туындаған даулардың бәрінде талап-арыздарды тек өз мемлекеттік соттарына беретін болады да, нәтижесінде шетелдік мемлекеттердің сауда келісімшарттарындағы тепе-тең жауапкершілігі бұзылады. Осылайша, Құпия кеңес қарапайым сауда-саттыққа араласы бар мемлекеттік сауда кемесі сот шақыруын беру нысаны болған кезде, ондай кемелердің егемен иммунитеті болмайды, сондықтан сот процесі жалғаса береді деп мәлімдеді. Дегенмен *Trendtex Trading Corporation Ltd v. Central Bank of Nigeria* (Трендекс сауда корпорациясы мен Нигерияның орталық банкі арасындағы) істе апелляциялық соттың үш судьясы да шектеулі иммунитет теориясы әділдікке, халықаралық сыпайылық пен практикаға сай келеді деген қорытынды шығарды.

Қазіргі кезде мемлекеттердің басым көпшілігі шектеулі иммунитет доктринасын қолданып мойындайды. Оны ішкі заңнамадан, яғни муниципалдық құқық нормаларынан байқауға болады. АҚШ-тың 1976 жылғы шетелдіктердің егемен иммунитеті туралы заңында қандай жағдайда мемлекет шетелдік юрисдикцияның субъектісіне айналатыны жазылған. Сонымен бірге Ұлыбританияның 1978 жылғы Мемлекеттің иммунитеті туралы заңында соттың юрисдикциясынан иммунитет пен иммунитет таралмайтын бірнеше айрықша жағдай белгіленген. Бұрынғы Кеңес Одағы мен басқа да мемлекеттерде негізінен абсолютті иммунитет теориясын ұстанды. Дегенмен олар да іс жүзінде коммерциялық келісім басқа қатысушы мемлекеттің территориясында жасалса, юрисдикцияны қолдануға рұқсат ететін көптеген екіжақты келісімдер жасаған.



Шектеулі көзқарас халықаралық құқық пен халықаралық практикада біраз артықшылықтарға ие. Тіпті оны Халықаралық *Germany v. Italy*, Германия мен Италия арасындағы істе мойындаған. Алайда қазірге кезде абсолютті иммунитеттен бас тартқысы келмейтін елдер де бар.

### Егемен және егемен емес іс-әрекеттер

Шектеулі иммунитет теориясын қолдана бастағаннан кейін ендігі жерде иммунитетке ие болатын және иммунитетке ие бола алмайтын әрекеттердің аражігін ажыратып алу қажет болды. Сот Виктори Транспорт (*Victory Transport*) ісінде Ағылшын соты егер қарастырылып жатқан іс саяси және мемлекеттік іс-әрекет санатына кірмесе, иммунитет беруден бас тартамыз деген ұйғарымға келді. Мұндай кезде саяси немесе мемлекеттік әрекеттер төмендегі санаттардың біреуімен сәйкес келуі қажет: ішкі әкімшілік немесе заң шығару әрекеті, қарулы күштерге қатысты әрекет, дипломатиялық қызмет немесе мемлекеттік кредитке қатысты әрекет.

Шектеулі иммунитет теориясы қолданыла бастағаннан кейін егемен (*jure imperii*) және егемен емес (*jure gestionis*) әрекеттердің аражігін айырып алу қажет болды. Малколм Шоудың пікірінше бұл көзқарасты анықтау үшін мәміленің мақсатына емес, оның уақытына, яғни трансакцияға назар аудару қажет болды. 2004 жылғы БҰҰ Мемлекеттердің Юрисдикциялық Иммунитеті мен олардың мүлкі туралы Конвенциясының 2(2) бабында былай деп жазылды: «келісімшарттың немесе мәміленің «коммерциялық мәміле» екенін анықтау үшін, ең алдымен, осы келісімшарттың немесе мәміленің табиғатына сүйенген жөн, алайда келісімшарттың немесе мәміленің тараптары осы туралы келіскен болса немесе егер мемлекет сотының практикасына сәйкес бұл мақсаттың осы келісімшарттың немесе мәміленің коммерциялық емес сипатын анықтауға қатысы болса, олардың мақсатын ескеру керек». Бұл жерде екі сатылы тәсіл қолданылады. Келісімшарт немесе мәміленің табиғатын анықтағанда ол коммерциялық емес немесе мемлекеттік екенін анықтау жеткілікті. Ал егер коммерциялық болса, онда мақсатын анықтау қажет. Бұл ретте мақсатты анықтау келісімшарттың немесе мәміленің егеменді немесе егеменді емес әрекет екендігін анықтау үшін керек. Мысал ретінде эпидемияның таралуымен күресу үшін дәрі-дәрмектер алу келісімшарттарын келтіруге болады.

*Reid v. Republic of Nauru* (Рейд пен Науру Республикасы арасындағы) істе Австралияның Викториа Жоғарғы Соты кей жағдайларда әрекет, себеп пен мақсатты бөліп жару мүмкін еместігін айтты. Кейде әрекеттің астарындағы себеп пен мақсат әрекеттің ажырамас бөлігін құрауы мүмкін. Ал кейде әрекеттің табиғаты мен сипатын астарына үңілмей жатып анықтау мүмкін емес. Бұны АҚШ-тың Апелляциялық Соты *De Sanchez v. Banco Central de Nicaragua and Others* (Де Санчес пен Никарагуаның Ортралық банкі арасындағы) істі қараған кезде еске салады.

Конгресо (*Congreso*) ісінде туындаған міндет басқа болды. Алғашында мәміле анық коммерциялық еді, бірақ сол мәмілені бұзу мемлекеттің егемендігін жүзеге асыруымен тығыз байланысты болды. Осы орайда иммунитет мәселесі алдыңнан шығады. Лордтар Палатасы бұл сұраққа қатысты мемлекет сауда қатынастарына енген болса, егеменді әрекет ретінде иммунитетті қолдану дәлелдеудің жоғары стандарттарын талап ететінін айтты. Сонымен қатар, тек іс-әрекеттің мақсаты мен себебі ғана мемлекеттің мақсатымен үндеседі, бірақ мұндай табиғатынан мемлекеттік акт болып табылатын әрекетті жеке адам жүзеге асыра алмайды.

Өткен сабақтарымызда мысалға келтірген *Kuwait Airways Corporation v. Iraqi Airways Co.* ісінде Лорд Гофф Лордтар Палатаның осынау озық пікірін қолдады. Бұл істе *Congreso* ісінде қолданылған қағидат шешуші ереже болды. Дегенмен егер мемлекеттің әрекеті бірнешеу болса, әр әрекетті жеке дара қарастыру қажет. Сот шешімі алғашқы әрекеттің егеменді екенін, бірақ одан кейінгі әрекеттердің сондай болатынына кепіл бере алмайтынын көрсетті.

*Benkharbouche v. Embassy of the Republic of Sudan* (яғни Бенкарбуш пен Судан елшілігінің арасындағы) істе Лорд Дайсон егеменді және егеменді емес әрекеттерді іс жүзінде қолдану оңай емес екенін айтты. Оған себеп – халықаралық құқықтың дамуы және егеменді іс-әрекеттің қорғаудағы мәселелеріне қатысты қоғамдық өзгерістермен тығыз байланысты ұлттық құқықтың дамуы. Сондықтан әр істі жеке дара қарауды қажет етеді.



## Мемлекеттік иммунитет және адам құқықтарын бұзу

Халықаралық адам құқықтары мен ішкі құқықтарының арақатынасы мен маңызының артуына қарай, егемен иммунитеті азаматтардың адам құқықтарын бұзу мәселесі бойынша шетелге қарсы арыз-шағым жасауына әсер ете ме деген сұрақ туады. Қазіргі кезде бұл сұрақтың жауабы теріс. *Saudi Arabia v. Nelson* (Нельсон мен Сауд Арабиясы) ісінде АҚШ Жоғарғы Соты шет мемлекеттерге қатысты юрисдикцияны орнатуда 1976 жылғы Шетел егеменді иммунитет актісіне жүгінді. Бұл істе Нельсонды Сауд Арабиясы үкіметі ұстауы, қамауы және қинауы заңсыз, мемлекет атынан әрекет ететін полицияның өз қызметін асыра пайдалануы болып саналады деді. Алайда 1996 жылы АҚШ Шетел егеменді иммунитет актісіне өзгерістер енгізіп, Терроризмге қарсы күрес және өлім жазасы туралы Акт қабылдаған еді. Бұл құжатта террорлық актке қандай да қатысы болғаны үшін (тұтқынға алу, немесе осындай әрекетке барған заңды немесе жеке тұлғаға қаржылай, ресурстық қолдау білдіргені үшін) Мемлекеттік департаменттің тізімге алған мемлекеттерінде бұл ереже қолданылмайтыны жазылды.

*Germany v. Italy* ісінде Халықаралық Сот жоғарыда аталған өзгерістердің өзге елдердің заңнамасына тигізер әсері жоқ екендігін айтты. Өзге мемлекеттер әрекеттің ауырлығына байланысты мемлекет иммунитетке шектеу қоюға заң қабылдаған жоқ. Тек Канада ұқсас заң қабылдады, алайда, оның тәжірибесі сирек кездеседі. *Jones v. Saudi Arabia* ісінде Лордтар Палатасы Сауд Арабиясында азаптауларға ұшыраған жеке тұлғалардың шағымын қарастырды. Бұнда да шет мемлекет Мемлекеттік Иммунитет Актісінде көрініс тапқан ерекше ережеге сәйкес келмесе, иммунитетке ие болатындығын айтты. Тіпті, азаптау халықаралық құқықтың *jus cogens* ережелері бойынша тыйым салынғандығы фактісі халықаралық құқықпен қамтамасыз етілген мемлекет иммунитетін алып тастауға жеткілікті болмады.

## Коммерциялық әрекеттер

Мемлекетке иммунитетті қолдануға мүмкіндік бермейтін бірден бір әрекет коммерциялық әрекет. Алайда іс жүзінде мемлекеттің егемендігі құзыреті шеңберінде және коммерциялық қызметі аясында жасаған әрекеттерін ажырату қиынға соғып жатады. *AIC Ltd v. Nigeria* ісінде Жоғары Сот шетел сот шешімдерін тіркеу коммерциялық мәмілеге қатысты емес деп шешті. Тіпті, шетелдік сот шешімі коммерциялық мәмілеге қатысты шығарылған болса да, иммунитетке ерекше ереже қолданылмайды. Сонымен қатар, мемлекеттер арбитраждық шешімді орындау үшін де иммунитетті қолдана алмайды.

АҚШ-тың 1976 жылғы Шетел Егеменді Иммунитет Актісінде «коммерциялық қызмет» дегенді коммерциялық іс-әрекеттің тұрақты тәртібі немесе белгілі бір коммерциялық мәміле немесе әрекет деп анықталады. Сонымен қатар, қызметтің коммерциялық сипаты қызметтің мақсатына емес, табиғатына байланысты анықталады. Азық-түлік сатып алу, цемент сатып алу, мемлекеттің АҚШ импресариосы аясында өнер көрсетуге әртістер жіберуі коммерциялық қызмет болып табылады. Шетелдік үкіметтік қазынашылықтармен ақша банкноттарын шығару да коммерциялық қызмет. *Republic of Argentina v. Weltover Inc* ісінде Жоғарғы Сот мемлекеттік облигациялар шығару коммерциялық қызмет болып табылады деп айқындады. Оған қоса, осы облигацияларға қатысты төлем ретін біржақты өзгерту де коммерциялық қызмет. Соттың айтуы бойынша, мемлекет нарықты реттеуші ретінде емес, нарықтағы жеке қатысушы ретінде әрекет етсе, әрекет коммерциялық болып саналады.

БҰҰ Юрисдикциялық Иммунитет туралы Конвенцияның 10-бабы бойынша мемлекет жеке немесе заңды тұлғалармен коммерциялық мәміле жасасып, сол мәміле бойынша туындаған дау жеке халықаралық құқық ережелеріне сәйкес шетел сотында қаралатын болса, мемлекет иммунитетін пайдалана алмайды.



## Жұмыспен қамту келісімшарты

БҰҰ Юрисдикциялық Иммунитет туралы Конвенцияның 11-бабына сәйкес жұмыспен қамту келісімшарттары бойынша жұмыскер мен шетел мемлекеті арасында туындаған дауды қарастыру кезінде мемлекет иммунитет қолдана алады. Бұл ретте жұмыскер мемлекеттік функцияларды атқарған болуы тиіс.

United States of America v. The Public Service Alliance of Canada (Re Canada Labour Code) ісінде шетелдік әскери базадағы еңбек қарым-қатынастары коммерциялық қызмет болып табылмайтыны айқындалды. Сондықтан, АҚШ еңбек трибуналы алдында егеменді иммунитет қолдануға құқылы. Ал Norwegian Embassy v. Quattri ісінде Италия Кассация Соты жұмыспен қамту келісімшарттарын шектеуге қатысты халықаралық тренді қарастырды. Сот әдеттегі халықаралық құқық бойынша иммунитет бар екендігін айтты. Алайда оны қолдану үшін шет елдің мемлекеттік функцияларын атқару қажет, яғни юрисдикциядан иммунитет егеменді қызмет әрекеттері мен мемлекеттік қызмет мүддесі үшін істелінген әрекетке шектеулі.

## Сұрақтар

1. Егеменді іс-әрекет дегеніміз не?
2. Юрисдикциядан иммунитет туралы конвенция коммерциялық қызметке қандай анықтама береді?
3. Егеменді іс-әрекет пен абсолютті иммунитеттің айырмашылығы неде?

## Әдебиеттер

1. T. Lee and J. Quigley, *Consular Law and Practice*, 3rd edn, Oxford, 2008 Satow's *Diplomatic Practice* (ed. I. Roberts), 7th edn, Oxford, 2017.
2. *The United Nations Convention on Jurisdictional Immunities of States and Their Property* (ed. R. O'Keefe and Tams), Oxford, 2013.